МРНТИ 18.31.21
ӘӘЖ 730
DOI 10.47940/cajas.v11i3.1245

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ МЕМОРИАЛДЫҚ ПЛАСТИКАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЖАДЫНЫҢ КӨРКЕМДІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Нұрхан Серкебай[1], Айман Асылбекова[2]
Құлаш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті
(Астана, Қазақстан)

Аңдатпа. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемориалдық пластика ұлттық тарихи сананы жаңғырту мен мәдени бірегейлікті қалыптастырудың маңызды көркемдік құралына айналды. Соған қарамастан мемориалдық өнердің мәдени жадыны қалыптастырудағы көркемдік механизмдері Қазақстан материалдары негізінде жүйелі түрде кеңінен зерттелген жоқ. Мақаланың *мақсаты* – Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластиканы мәдени жадының көркемдік репрезентациясы ретінде талдау. Зерттеу материалы ретінде Алматы қаласындағы «Тәуелсіздік монументі», Марат Әйнековтің «Тәуелсіздік таңы», Шот-Аман Уәлихановтың «Өлімнен де күшті», Орал Әлібаевтың «Қасірет керегесі» және Марат Әбілқасымовтың «Ашаршылық құрбандарына» арналған мемориалдық кешені қарастырылды. Зерттеу мәдени жады, мемориалдық кеңістік және ұлттық бірегейлік теорияларына негізделіп, нақты жағдайды зерттеу, визуалды, иконологиялық, салыстырмалы және интерпретациялық талдау әдістері арқылы жүргізілді. *Зерттеу нәтижелері* – мемориалдық пластиканың тарихи оқиғаларды бейнелеумен ғана шектелмей, қоғамдық тарихи тәжірибені көркемдік символдарға трансформациялайтын мәдени механизм ретінде қызмет ететінін көрсетті. Сонымен қатар тарихи тәжірибе, көркемдік интерпретация, пластикалық шешім, визуалды символика, мемориалдық кеңістік, мәдени жады және ұлттық бірегейлік арасындағы өзара байланысты түсіндіретін авторлық аналитикалық модель ұсынылды. Зерттеудің *ғылыми жаңалығы* – Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластикасын мәдени жады теориясы негізінде кешенді өнертанулық тұрғыдан талдауымен және оның халықаралық мәдени жады зерттеулері мен мәдени мұра зерттеулері аясындағы ғылыми-әдіснамалық маңызын негіздеуімен айқындалады.

Түйін сөздер: мемориалдық пластика, мәдени жады, ұлттық бірегейлік, мемориалдық кеңістік, тарихи тәжірибе, көркемдік репрезентация, монументалды мүсін.

Дәйексөз үшін: Серкебай Нұрхан және Айман Асылбекова. «Қазақстаннаың заманауи мемориалдық пластикасындағы мәдени жадының көркемдік репрезентациясы». *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 11, No.3 2026, pp. 260–279, DOI: 10.47940/cajas.v11i3.1245

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдеді.

Кіріспе

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемориалдық пластика ұлттық тарихты қоғамдық кеңістікте көркемдік тұрғыдан бейнелеудің маңызды бағыты ретінде қалыптасты. Жаңа мемориалдық нысандар тарихи оқиғалар мен тұлғаларды еске алу қызметімен қатар, мәдени құндылықтарды, тарихи тәжірибені және ұлттық бірегейлікті визуалды түрде репрезентациялайтын қоғамдық кеңістіктің құрамдас бөлігіне айналды. Осыған байланысты мемориалдық пластика қазіргі Қазақстандағы мәдени жадының қалыптасуы мен көркемдік көрінісін зерттеудегі маңызды нысан болып табылады.

Осы зерттеу Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластиканы мәдени жадының көркемдік репрезентациясы ретінде қарастыруға бағытталған. Мақаланың мақсаты — мемориалдық нысандардың тарихи тәжірибені көркемдік бейнеге айналдыру тетіктерін анықтау және олардың ұлттық тарихи сана мен мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы орнын бағалау. Зерттеу мәдени жады теориясы, мемориалдық кеңістік тұжырымдамасы және мәдени мұра теориясының әдіснамалық қағидаларына негізделген.

Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің негізгі бағыты Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластикада тарихи тәжірибенің мәдени жадының тұрақты формасына айналу үдерісін көркемдік-пластикалық механизмдер тұрғысынан ақындауға бағытталды. Бұл үдерісте ұлттық мәдени кодтардың атқаратын қызметі де назарға алынады. Зерттеу аясында мемориалдық нысандардың композициялық құрылымы, пластикалық шешімі, визуалды символикасы, архетиптік образдары және олардың қоғамдық кеңістікпен өзара байланысы кешенді түрде қарастырылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу сапалық зерттеу стратегиясына негізделіп, нақты жағдайды зерттеу әдісі бойынша жүргізілді. Эмпирикалық материал ретінде Қазақстанның тәуелсіздік жылдарынан қоғамдық кеңістікте орнатылған және ұлттық тарихи жадыны репрезентациялайтын бес мемориалдық нысан іріктелді. Зерттеу нысандарына Алматы қаласындағы «Тәуелсіздік монументі» (1996), Семей қаласындағы «Өлімнен де күшті» мемориалы (2001), Алматы қаласындағы «Тәуелсіздік таңы» мемориалы (2006), Астана қаласындағы «Қасірет керегесі» мемориалы (2012) және Павлодар қаласындағы «Ашаршылық құрбандарына» арналған мемориал (2012) енгізілді.

Мемориалдық нысандар үш критерий бойынша іріктелді:

1) тәуелсіздік кезеңінде жасалуы;

2) ұлттық тарихтағы маңызды оқиғалар мен тұлғаларды бейнелеуі;

3) қоғамдық кеңістікте мәдени жадының тұрақты элементі ретінде қызмет атқаруы.

Зерттеу материалына енгізілген мемориалдық нысандар тарихи тақырыбы, көркемдік-пластикалық шешімі және мәдени жадыны репрезентациялау ерекшеліктері бойынша іріктелді (кесте 1).

Зерттеуде төрт өзара толықтырушы әдіс қолданылды: визуалды талдау композиция, пластика және кеңістіктік ұйымдасуды; иконологиялық талдау символдар мен мәдени кодтардың семантикасын; салыстырмалы талдау нысандардың ортақ және ерекше белгілерін; интерпретациялық талдау нәтижелердің мәдени жады, мемориалдық кеңістік және ұлттық бірегейлікпен байланысын анықтауға бағытталды.

Талдау үш деңгейде жүргізілді. Бірінші деңгейде композиция, масштаб, пластикалық форма, кеңістіктік құрылым және мүсіндік образдардың байланысы визуалды тұрғыдан анықталды. Екінші деңгейде құлпытас, балбал, ана мен бала, «Алтын адам», көгершін тәрізді белгілердің тарихи-мәдени семантикасы иконологиялық әдіспен интерпретацияланды. Үшінші деңгейде пластикалық және символдық белгілер салыстырылып, тарихи тәжірибенің көркемдік форма арқылы мәдени жадыға айналу ерекшеліктері жүйеленді. Бұл алгоритм бес нысанға да бірізді қолданылды.

Халықаралық салыстыру типологиялық, композициялық-кеңістіктік және семантикалық критерийлерге негізделді: тарихи қасіретті қоғамдық жадыда репрезентациялау қызметі, монументтің ортамен байланысы, масштаб пен пластикалық доминанта, сондай-ақ тарихи тәжірибенің символдану тәсілдері салыстырылды. Хиросима мемориалдық кеңістігі тікелей көркемдік аналог емес, тарихи қасіретті қоғамдық жадыға айналдырудың салыстырмалы халықаралық үлгісі ретінде алынды.

Талқылау

Мәдени жады теориясы тарихи тәжірибенің қоғамда сақталуы, қайта жаңғыртылуы және ұрпақтар сабақтастығы арқылы берілу тетіктерін түсіндіретін жетекші теориялық бағыттардың бірі болып

Кесте 1. Зерттеу материалдары және іріктеу критерийлері



саналады. Оның негізін Морис Хальбвакс ұсынған ұжымдық жады тұжырымдамасы құрайды. Ғалым тарихи жадының жеке адамның санасында емес, әлеуметтік топтардың ортақ тәжірибесі арқылы қалыптасатынын дәлелдеді (Halbwachs 38). Бұл тұжырым кейін мәдени жады теориясының әдіснамалық өзегіне айналды.

Ян Ассман мен Алейда Ассман ұжымдық жады ұғымын мәдени деңгейде дамытып, мәдени жадыны тарихи тәжірибені мәдени институттар, рәміздер, мәтіндер және көркем бейнелер арқылы ұзақ мерзім сақтайтын жүйе ретінде түсіндірді (Assmann 8-9; Assmann 135-36). Осы тұжырымға сәйкес мемориалдық нысандар өткенді еске түсіретін объектілер ғана емес, қоғамның мәдени жадын тұрақтандыратын символдық құрылымдар болып табылады. Бұл тәсіл мемориалдық пластиканы тарихи оқиғалардың көркем бейнесі ретінде емес, мәдени мағына қалыптастыратын визуалды мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мемориалдық кеңістіктің мәдени қызметін түсіндіруде Пьер Нораның «жады орындары» (*lieux de mémoire*) тұжырымдамасы, Лореджейн Смиттің мәдени мұраның әлеуметтік табиғаты туралы теориясы және Дэвид Лоуэнтальдың тарихи мұраны қайта пайымдау тұжырымдамасы өзара сабақтас ғылыми бағыттарды құрайды. Бұл еңбектерде мемориалдық нысандар тарихи оқиғаларды еске сақтайтын материалдық объект ретінде ғана емес, қоғам тарихи мағына қалыптастыратын мәдени кеңістік ретінде қарастырылады (Nora 12; Smith 44; Lowenthal 401-404). Ұлттық бірегейлікті түсіндіруде Энтони Смиттің этносимволизм теориясы тарихи рәміздер, мәдени жады және ұлттық қауымдастық арасындағы байланысты айқындайды (Smith 44). Аталған теориялар мемориалдық пластиканы мәдени жадының көркемдік репрезентациясы ретінде талдаудың теориялық негізін құрайды.

Халықаралық зерттеулерде мемориалдық өнер қоғамдық жадыны қалыптастыратын мәдени институт ретінде қарастырылады. Джеймс Э. Янг мемориалдардың тарихи оқиғаларды есте сақтаумен қатар, оларды қоғамдық түрғыдан қайта пайымдау кеңістігі екенін дәлелдейді (Young). Александр Фоксолл посткеңестік мемлекеттердегі мемориалдық саясаттың ұлттық бірегейлікпен байланысын талдаса, Эбру Эрбаш Гюрлер және Башак Өзер қоғамдық мемориалдардың әлеуметтік жады мен қалалық мәдени кеңістікті қалыптастырудағы рөлін көрсетеді (Foxall 167-68; Gürler and Özer 858-59). Бұл зерттеулер мемориалдық пластиканың эстетикалық құндылығымен қатар, оның әлеуметтік және мәдени қызметін де ғылыми талдаудың маңызды нысанына айналдырды.

Қазақстандық өнертануда мәдени жады мәселесі негізінен тарихи кескіндеме материалдары арқылы зерттелді. Райхан Ерғалиеваның еңбектерінде қазақ бейнелеу өнерінің тарихи дамуы мен ұлттық көркемдік дәстүрдің қалыптасуы жүйеленсе, Диляра Шарипованың зерттеуінде мәдени жады мен ұлттық бірегейліктің заманауи кескіндемедегі өзара байланысы қарастырылады (Шарипова 35). Диляра Шарипова мен Жазира Ақсақалова тарихи тақырыптың заманауи Қазақстан кескіндемесіндегі көркемдік интерпретациясына назар аударады, ал Жазира Ақсақалова, Зухра Ыдырыс және Айнұр Кенджакулова тарихи оқиғалар мен мәдени жарақаттың қазақ кескіндемесіндегі репрезентациясын зерттейді (Ақсақалова, Ыдырыс және Кенджакулова 268). Осы еңбектерде тарихи тәжірибе, мәдени жады және ұлттық бірегейлік мәселелері заманауи қазақ бейнелеу өнерінің материалдары негізінде қарастырылған.

Қазақстан мүсін өнерінің арнайы зерттеулерінде монументалды пластиканың көркемдік эволюциясы мен ұлттық дәстүрмен сабақтастығы да қарастырылған. Эльмира Ахметова Қазақстанның қазіргі монументалды мүсінін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырып, оның көркемдік шешімдеріне сыни талдау жасайды (Ахметова 308). Санат Байсынов пен Нұрбақыт Бөкебаев заманауи қа-

зақстандық мүсіндегі пластикалық тілдің жаңаруын, дәстүрлі мотивтердің жаңа материалдар мен формалар арқылы қайта интерпретациялануын және мәдени бірегейлікпен байланысын талдайды (Байсынов, Бөкебаев 293-95). Талғат Абдилдаев пен Малик Мұқанов монументалды мүсінді қоғамдық кеңістік, ұлттық-тарихи нарратив және әлеуметтік қызмет тұрғысынан қарастырады (Абдилдаев, Мұқанов 228-241). Бұл еңбектер Қазақстан мүсінінің даму үрдістерін айқындағанымен, тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластикада тарихи тәжірибенің пластикалық форма мен визуалды символика арқылы мәдени жадыға трансформациялану механизмдері арнайы өнертанулық мәселе ретінде жеткілікті жүйеленбеген.

Сонымен бірге қазақстандық зерттеулердің басым бөлігі тарихи кескіндемеге немесе жекелеген көркем шығармаларды талдауға арналған. Тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан мемориалдық пластиканы мәдени жады теориясы, мемориалдық кеңістік тұжырымдамасы және ұлттық бірегейлік мәселелерімен өзара байланыста қарастырған кешенді зерттеулер жеткіліксіз. Осы ғылыми олқылық аталған зерттеудің мақсаты мен әдіснамалық бағытын айқындайды.

Осы зерттеуде қолданылатын «мәдени жады», «мәдени код», «архетип», «символ» және «ұлттық бірегейлік» ұғымдары өзара байланысты болғанымен, әртүрлі аналитикалық деңгейлерді білдіреді. Мәдени жады тарихи тәжірибенің қоғамдық санада сақталуы мен қайта жаңғыруының жүйесі ретінде қарастырылса, мәдени код сол тәжірибені тануға мүмкіндік беретін тұрақты көркемдік белгілер мен мағыналар жиынтығын білдіреді. Архетип мемориалдық пластикада тарихи-мәдени тәжірибенің терең құрылымдық үлгісі ретінде көрініп, құлпытас, балбал, ана мен бала тәрізді бейнелер арқылы пластикалық формада жаңғырады. Символ осы архетиптік және мәдени мағыналарды нақты көркемдік формада репрезентациялайтын семантикалық құрал қызметін атқарады. Ұлттық бірегейлік ортақ тарихи тәжірибе мен мәдени жалғастықтың қоғамдық деңгейде орнығуын білдіретін нәтижелік категория ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес аталған ұғымдар мемориалдық нысанның мағынасын қалыптастыратын өзара байланысты, бірақ қызметі жағынан ажыратылатын аналитикалық категориялар ретінде қолданылады.

Зерттеу тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластиканы мәдени жадының көркемдік репрезентациясы ретінде түсіндіруге мүмкіндік беретін интеграцияланған теориялық модельге негізделеді. Теориялық негіз өзара байланысты үш бағытты қамтиды: мәдени жады теориясы, мемориалдық кеңістік тұжырымдамасы және ұлттық бірегейлік теориясы. Бұл тәсіл мемориалдық нысандарды тарихи мазмұны бойынша ғана емес, олардың қоғамдық жадыны қалыптастырудағы мә-

Кесте 2. Зерттеудің теориялық-аналитикалық негізі

Теориялық категория	Зерттеудегі аналитикалық қызметі
Мәдени жады	Тарихи тәжірибенің қоғамдық санада сақталуы мен қайта жаңғыруын түсіндіреді
Мәдени код	Тарихи-мәдени мағыналарды жеткізетін тұрақты көркемдік белгілер жүйесін анықтайды
Архетип	Тарихи-мәдени тәжірибенің терең құрылымдық үлгілерін айқындайды
Символ	Мәдени және архетиптік мағыналардың нақты көркемдік формада репрезентациялануын көрсетеді
Ұлттық бірегейлік	Ортақ тарихи тәжірибе мен мәдени сабақтастықтың қоғамдық деңгейде орнығуын сипаттайды

дени қызметі тұрғысынан кешенді талдауға мүмкіндік береді. Зерттеуде қолданылған теориялық ұғымдар мен олардың мемориалдық пластиканы талдаудағы аналитикалық қызметі өзара сабақтастықта жүйеленді (кесте 2).

Кестеде ұсынылған теориялық модель зерттеу барысында қолданылған аналитикалық өлшемдерді жүйелейді. Осы негізде талдау тарихи тәжірибе, көркемдік интерпретация, визуалды символика, мемориалдық кеңістік және ұлттық бірегейлік арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталды. Бұл тәсіл тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластиканы жекелеген көркем шығармалар жиынтығы ретінде емес, мәдени жадыны қалыптастыратын тұтас көркем-әлеуметтік жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері тарихи тәжірибенің мемориалдық пластикада композиция, пластикалық форма, символдық образ және қоғамдық кеңістік арқылы қайта ұйымдастырылатынын көрсетті. Бұл мәдени жадының өткенді өзгеріссіз сақтамай, оны мәдени рәміздер арқылы қайта құратыны жөніндегі тұжырымдарды Қазақстан материалы негізінде нақтылайды (Assmann 15-19; 135-38).

Негізгі ерекшелік – дәстүрлі мемориалдық формалардың жаңа тарихи мазмұнда қайта интерпретациялануы. «Тәуелсіздік монументі» мен «Тәуелсіздік таңы» шығармаларында композицияның тік бағытта құрылуы мен құлпытасқа негізделген форма мемлекеттілік пен тарихи жалғастық идеясын білдірсе, «Өлімнен де күшті», «Қасірет керегесі» және «Ашаршылық құрбандарына» арналған мемориалдардағы сол формалар жоғалту мен қасірет семантикасына ие болады. Осылайша тұрақты пластикалық құрылым контекске қарай өзгермелі мағына иеленіп, мәдени жадының көркемдік кодына айналады.

Ұлттық қасірет тақырыбында ана мен бала образы жеке трагедиядан ұжымдық естелікке өтудің тұрақты семантикалық құралы ретінде көрінеді: «Өлімнен де күшті» және «Ашаршылық құрбандарына» арналған мемориалдарда ол қорғау, жоғалту және өмір жалғастығын, «Қасірет керегесінде» жоқтау мен жалбарынуды жинақтайды.

Халықаралық салыстыру да осы ерекшелікті айқындады. Хиросима мемориалдық кеңістігімен типологиялық ортақтық тарихи қасіретті қоғамдық еске алу тәжірибесіне айналдырудан байқалады; ал қазақстандық нысандарда бұл қызмет құлпытас, балбал, ана мен бала образы және вертикаль пластикалық құрылым тәрізді ұлттық көркемдік белгілермен жүзеге асады. Қоғамдық мүсіннің жады мен бірегейлік арасындағы делдалдық қызметі қазіргі халықаралық зерттеулерде де көрсетіледі (Posso-Yépez et al.).

Осы нәтижелер авторлық модельдің өнертанулық маңызын айқындайды: модель тарихи тәжірибенің көркемдік интерпретация, пластикалық шешім және визуалды символика арқылы материалданып, мемориалдық кеңістікте қоғамдық қабылдау аясына енуін жүйелейді.

Зерттеу бес мемориалдық нысанмен шектеледі; сондықтан қорытындылар Қазақстан мемориалдық пластикасының барлық үрдістеріне емес, таңдалған материалда анықталған заңдылықтарға қатысты. Құлпытас пен балбал пішіндері, ана мен бала образы, композицияның тік құрылымы және символдық пластика жөніндегі тұжырымдар кейін кеңейтілген материал негізінде салыстырмалы тексеруді қажет етеді.

Нәтижелер

Жүргізілген талдау Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластикада тарихи оқиғалардың көркемдік интерпретациясы бірнеше тұрақты пластикалық қағидаларға негізделетінін көрсетті. Зерттелген мемориалдық нысандардың тақырыптық мазмұны әртүрлі болғанымен, олардың композициялық ұйымдасуы, пластикалық құрылымы және символдық жүйесі тарихи тәжірибені

қоғамдық кеңістікте орнықтыратын көркемдік механизм ретінде қызмет атқарады.

Талдау нәтижесінде мемориалдық пластикада екі жетекші көркемдік бағыт айқындалды. Бірінші бағыт тәуелсіздік пен ұлттық мемлекеттілік идеясын көркемдік тұрғыдан репрезентациялауға бағытталса, екіншісі ұлттық қасірет тәжірибесін монументалды пластика арқылы тарихи жадының тұрақты символына айналдыруға негізделген.

Ұлттық мемлекеттілік идеясын бейнелейтін «Тәуелсіздік монументі» (Алматы, 1996; авторлары Шот-Аман Уәлиханов, Нұрлан Далбай, Әділет Жұмабай) мен Марат Әйнековтің «Тәуелсіздік таңы» мемориалы (Алматы, 2006) композициялық құрылымы жағынан ортақ пластикалық қағидаларды ұстанады.

Монумент үш бөліктен тұратын композицияны құрайды. «Тәуелсіздік монументінің» композициялық өзегі дәстүрлі құлпытас пішінінің негізінде шешілген биік стеладан тұрады. Орталық мүсін болып табылатын стеланың ұшар басындағы қанатты барыс үстіндегі «Алтын адам» мемлекеттілік пен тарихи сабақтастықтың






1 сурет. Шот-Аман Уәлиханов, Нұрлан Далбай, Әділет Жұмабай, Қайрат Сұраншы, Мұрат Мансұров «Тәуелсіздік монументі» (Алматы, 1996)

көркемдік символына айналған. Орталық композицияны қоршаған ана, әке, дана қария және ұрпақтар жалғастығын бейнелейтін көлемді мүсіндер, сондай-ақ рельефтік белдеу ұлттық тарихтың көркемдік кеңістігін қалыптастырады.

Сонымен қатар монументалды мүсін өнері мен сәулет өнерінің өзара тығыз байланысы да айқын байқалады. Мемориалды кешендегі сәулеттік үйлесім кең алаң ұлттық нақыштағы тас плиталармен көмкеріліп, мерекелік және қоғамдық іс шаралар өткізуге арналып орындалған.

«Тәуелсіздік таңы» мемориалында тәуелсіздік идеясы Желтоқсан оқиғасының тарихи контексінде ашылады. Композицияның алдыңғы бөлігіндегі алға ұмтылған қыз бейнесі қозғалыс динамикасын қалыптастыратын негізгі пластикалық акцент болып табылады. Қолындағы көгершін мен желбіреген орамал еркіндік пен ұлттық рухтың символдық белгілерін біріктіреді. Артқы бөлігіндегі ақ және қара түсті обелисктер құлпытас пластикасының архетиптік құрылымын қазіргі монументалды өнер тілімен қайта пайымдап, тарихи оқиғаны ұлттық тарихи жадының көркемдік кеңістігіне енгізеді. Екі мемориалда да вертикаль композиция мен монументалдылық тәуелсіздікті жеке тарихи оқиға емес, мемлекеттіліктің үздіксіз дамуын білдіретін көркемдік категория ретінде көрсетеді.

Ұлттық қасірет тақырыбына арналған мемориалдарда пластикалық тілдің се-



2 сурет. Марат Әйнеков «Тәуелсіздік таңы» мемориалы (Алматы, 2006)

мантикалық және эмоциялық мүмкіндіктері өзгеше сипат алады. Шот-Аман Уәлихановтың «Өлімнен де күшті» мемориалы (Семей, 2001) композициясында жарылған құлпытасқа ұқсас монумент негізгі құрылымдық элемент ретінде алынған. Монументтің ортасындағы жарық ядролық жарылыстың символдық ізі қызметін атқарса, сол кеңістікте орналасқан баласын құшағына басқан ана бейнесі өмірді сақтау идеясының көркемдік өзегіне айналады. Мұнда пластикалық құрылым нақты тарихи оқиғаны бейнелеуден гөрі, ядролық апаттың адамзаттық трагедиясын жинақталған символдық формада жеткізеді.

Семей ядролық полигонының жабылуына 10 жыл толуына орай Семей қаласында ашылған ескерткіш биіктігі 25 м, ені 10 м, қалыңдығы 2 м. Мемориал композициясы тік бағытта құрылған. Туынды Қазақстандағы мәдени жадының көркемдік репрезентациясын айқындайтын маңызды монументалды туындылардың бірі болып табылады. Композиция ядролық сынақ құрбандарының трагедиясын тарихи оқиға ретінде ғана емес, ұлттық жадының тұрақты символына айналдырады. Тік бағыттағы пластикалық композиция арқылы адамның рухани беріктігін және өлімнен үстемдігін бейнелейді.

Мемориалдың көркемдік құрылымында қара және ақ түстердің контрастық қатынасы композицияның семантикалық мазмұнын күшейтеді. Қара түсті монументалды құрылым ядролық апаттың трагедиялық сипатын айқындаса, орталықтағы ана мен бала бейнесі өмірдің жалғастығы, қорғаныш пен үміт идеяларын білдіреді. Түстік контраст пен пластикалық формалардың қарама-қарсылығы туындының эмоциялық-психологиялық әсерін тереңдетеді. Райхан Ерғалиева мемориалдың көркемдік шешімінде адам тағдырының трагедиялық тақырыбы образдық айқындық пен көпқырлы символика арқылы ашылатынын атап көрсетеді (Ерғалиева).

Мемориалдың символдық жүйесі халықаралық антиядролық мемориалдық өнермен ортақ гуманистік ұстанымдарға негізделгенімен, оның көркемдік шешімі ұлттық мәдени кодқа сүйенуімен ерекшеленеді. Мәселен, Хиросимадағы Peace Memorial Park кешенінде тарихи жады негізінен ядролық жарылыстың материалдық іздерін, музейлік кеңістік пен абстрактілі еске алу элементтері арқылы қалыптастырса, Шота-Аман Уалиханов шығармасында қасірет ана мен бала архетипі арқылы бейнеленіп, тарихи оқиға ұлттық дүниетаныммен сабақтастырылады. Егер Хиросима мемориалы жаһандық антиядролық үндеуді әмбебап символдар арқылы жеткізсе, «Өлімнен де күшті» мемориалы сол гуманистік идеяны қазақтың дәстүрлі пластикалық мәдениетімен және түркілік балбал эстетикасына жақын монументалды формалармен байланыстырады. Осы ерекшелік қазақстандық мемориалды ұлттық мәдени жады мен жаһандық тарихи жадының тоғысқан кеңістігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, абстрактілі форма деп алып отырған Хиросимадағы мемориалды ескерткіштегі пішініне тереңірек үңілер болсақ, ол да жапон мәдениетінде қалыптасқан ханива культтік пішініне ұқсас келеді. Осы тұрғы-



А)



Б)

3 сурет. А) Шот-Аман Уәлиханов «Өлімнен де күшті» мемориалы (Семей, 2001)
Б) Кэндзо Тангэ «Хиросимадағы бейбітшілік» мемориалы (Жапония, Хиросима, 1954)

дан алғанда, екі мүсіннің де көркемдік ұстанымында культтік сипат басым, яғни туындыда оқиғаны баяндаудан гөрі, тарихи мазмұнды пластикалық форма арқылы символдық мәнге айналдыру басымдыққа ие. Сондықтан туынды арқылы мүсінші тарихи тәжірибені мәдени код арқылы қайта интерпретациялау негіздерін алға ұсынады.

Бұл көркемдік ұстаным О. Әлібаевтың «Қасірет керегесі» мемориалында (Астана, 2012) жаңа мазмұнда дамытылады. Ашаршылық құрбандарына арналған композицияның ортасында қолын көкке жайған ананың тұлғасы орналасқан. Оның айналасындағы тік орналасқан жалпыланған мүсіндер дәстүрлі түркі балбалдарының пластикалық құрылымын еске түсіреді. Балбал пластикасының архетиптік белгілері мен мемориалдық кеңістіктің вертикаль ұйымдастырылуы тарихи қасіретті ұжымдық естеліктің көркемдік белгісіне айналдырады. Композицияда жоқтау, қасірет және үміт идеялары натуралистік баяндау арқылы емес, жинақталған пластикалық форма арқылы берілген. Мемориалдың көркемдік концепциясы кеңістіктік символизмге негізделуі жағынан Берлиндегі Memorial to the Murdered Jews of Europe кешенімен типологиялық үндестік танытады. Екі мемориалда да тарихи жарақат нақты оқиғаны иллюстрациялау арқылы емес, кеңістіктің семантикасы мен пластикалық құрылым арқылы интерпретацияланады. Берлин мемориалында әртүрлі биіктіктегі бетон стелалар көрерменді психологиялық оқшаулану мен тарихи белгісіздік кеңістігіне енгізсе, «Қасірет керегесінде» дәл осындай эмоционалдық әсер ұлттық мәдени кодқа негізделген кереге бейнесі арқылы жүзеге асады. Бұл жерде кереге қазақ дүниетанымындағы отбасы, шаңырақ және әлеуметтік тұтастықтың архетиптік белгісі ретінде көрініс тауып, оның пластикалық деформациясы тоталитарлық саясат салдарынан бұзылған қоғамдық құрылымды білдіреді. Осылайша, Берлин мемориалы тарихи қасіретті әмбебап абстракция арқылы жеткізсе, Орал Әлібаев ұлттық этномәдени символдарды пайдалану арқылы мәдени жадының жергілікті моделін қалыптастырады. Бұл ерекшелік қазақстандық мемориалды жаһандық ме-

мориалдық өнер тәжірибесімен байланыстыра отырып, оның ұлттық бірегейлігін айқындайды.

М.Әбілқасымовтың «Ашаршылық құрбандарына» арналған мемориалдық кешенінде (Павлодар, 2012) тарихи қасірет адамның пластикалық бейнесі арқылы ұлттық мәдени жадының көркемдік моделі ретінде берілген. Композицияның орталығында орналасқан ананың мүсіні туындының негізгі өзегі болып табылады. Қазақ дүниетанымында ана өмірдің бастауы, ұрпақ сабақтастығы мен рухани тұрақтылықтың архетипі ретінде қабылданатындықтан, оның аштықтан қаза табуы жеке адам трагедиясынан гөрі ұлттық апаттың жинақталған көркемдік образына айналады. Ана жанындағы жоқтау үстіндегі баланың бейнесі ұжымдық қасіреттің сабақтастығын ғана емес, тарихи жадының кейінгі ұрпаққа берілу идеясын білдіреді. Осылайша композиция өмір мен өлімнің қарама-қарсылығын көрсету арқылы тарихи жарақатты мәдени жадының тұрақты символына айналдырады.

Мемориалдың пластикалық құрылымында ерекше семантикалық жүк көтеретін элементтердің бірі — жартылай қираған шаңырақ бейнесі. Қазақ мәдениетінде шаңырақ отбасының, тұтастықтың және ұлттық бірегейліктің архетиптік белгісі болып саналса, оның бұзылған күйде берілуі ашаршылық салдарынан күйреген әлеуметтік құрылымды, отбасы институтының ыдырауын және демографиялық апатты білдіреді. Сонымен қатар шаңырақтың толық жойылмай сақталуы тарихи трагедияға қарамастан ұлттық мәдениеттің өміршеңдігін және мәдени байланыстың үзілмегендігін меңзейді. Осы тұрғыдан мемориалдағы пластикалық элементтер нақты тарихи оқиғаны сипаттаудан гөрі ұлттық мәдени кодтың көркемдік тасымалдаушысы қызметін атқарады.

Көркемдік концепциясы жағынан бұл мемориал Киевтегі National Museum Holodomor-Genocide Memorial кешенімен типологиялық тұрғыдан сабақтасады. Екі мемориал да XX ғасырдағы жасанды ашаршылықты ұжымдық тарихи жадының құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, құрбандарды еске алу арқылы қоғамдық тарихи сананы қалыптастыруды мақсат етеді. Дегенмен олардың көркемдік шешімінде айырмашылық байқалады. Киев мемориалында қасірет абстракцияланған сәулеттік



А)



Б)

4 сурет. А) Марат Әбілқасымов, Бота Машрапов «Ашаршылық құрбандарына арналған» ескерткіш (Павлодар, 2012)
Б) А. Гайдамака (жоба авторы), Ю. Ковалев (бас сәулетші), Н. Обезюк, П. Дроздовский (мүсіншілер). «Гірка пам'ять дитинства» («Балалық шақтың ащы естелігі») мүсіндік композициясы — Украинадағы Голодомор құрбандарын еске алу ұлттық мемориалдық кешенінің құрамдас бөлігі (Киев, 2008).

кеңістік, «Ащы естелік шамы» монументі және діни-рухани символика арқылы жалпылама сипатта ұсынылса, Павлодардағы мемориалда тарихи трагедия нақты антропоморфтық образдар — ана, бала және шаңырақ символдары арқылы бейнеленеді. Сондықтан украиналық мемориал тарихи жадының әмбебап моделіне жақын болса, қазақстандық туынды ұлттық дүниетаным мен этномәдени архетиптерге сүйене отырып, тарихи қасіретті қазақ мәдени кеңістігінің құндылықтарымен байланыстырады. Бұл ерекшелік екі мемориалдың ортақ гуманистік идеяны әртүрлі көркемдік тіл арқылы жүзеге асыратынын көрсетеді.

Осылайша, «Ашаршылық құрбандарына» арналған мемориал тарихи фактіні еске алу нысаны ғана емес, ұлттық мәдени жадының пластикалық моделі ретінде көрінеді. Композициядағы архетиптік бейнелер мен этномәдени символдар жүйесі тарихи жарақатты ұжымдық естеліктің құрамдас бөлігіне айналдырып, өткеннің тәжірибесін қазіргі ұлттық бірегейліктің маңызды элементі ретінде қайта пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан мемориал халықаралық мемориалдық өнердегі гуманистік ұстанымдарды қазақтың дәстүрлі мәдени кодымен ұштастырған көркемдік феномен болып табылады.

Зерттелген нысандардағы пластикалық шешімдердің салыстырылуы тарихи жадыны көркемдік ұйымдастырудың тақырыпқа байланысты әртүрлі принциптерін анықтады. Тәуелсіздік идеясын репрезентациялайтын «Тәуелсіздік монументі» мен «Тәуелсіздік таңы» мемориалында тік құрылым кеңістіктік доминанта қызметін атқарып, тарихи оқиғаны мемлекеттілік пен ұлттық тұтастық идеяларынамен байланыстырады. «Алтын адам», көгершін, құлпытас пішініндегі обелисктер тәрізді визуалды белгілер нақты тарихи мазмұнды символдық деңгейде жинақтайды. Ал ұлттық қасірет тақырыбындағы «Өлімнен де күшті», «Қасірет керегесі» және «Ашаршылық құрбандарына» арналған мемориалдарда тарихи жады ана мен бала образы, құлпытас пен балбалға ұқсас пішіндер, пластикалық деформация, қатаң фактура және тік бағыттағы ырғақ арқылы ұйымдастырылады. Бұл нысандарда ана бейнесі жеке адамның қайғысын жинақталған ұлттық қасірет деңгейіне көтеретін семантикалық өзекке айналса, құлпытас пен балбалға негізделген формалар тарихи жоғалтуды дәстүрлі мемориалдық мәдениетпен сабақтастырады. Осы айырмашылық мемориалдық пластикада тарихи жадының екі көркемдік моделін айқындауға мүмкіндік береді: тәуелсіздік тақырыбында — тарихи жалғастық пен мемлекеттілікті орнықтыру; ұлттық қасірет тақырыбында — жоғалту тәжірибесін ұжымдық естелікке айналдыру.

Салыстырмалы талдау зерттелген мемориалдық нысандардың барлығында бірнеше ортақ пластикалық заңдылықтың қалыптасқанын көрсетті. Біріншіден, вертикаль композиция тарихи маңыздылықтың көркемдік өлшемін айқындайтын негізгі құрылымдық принцип ретінде қолданылады. Екіншіден, дәстүрлі құлпытас пішіні барлық мемориалдарда әртүрлі пластикалық интерпретацияда қайталанып, тарихи естеліктің архетиптік құрылымына айналады. Үшіншіден, ана бейнесі ұлттық қасірет тақырыбындағы мемориалдардың негізгі семантикалық өзегі ретінде қолданылып, жеке трагедияны ұжымдық тарихи тәжірибемен байланыстырады. Төртіншіден, балбал пластикасының архетиптік белгілері қазіргі монументалды мүсін тілінде қайта өңделіп, ұлттық көркемдік дәстүр жалғастығын сақтайды.

Осы нәтижелер мемориалдық пластиканың тарихи оқиғаларды бейнелеумен ғана шектелмейтінін, тарихи тәжірибені пластикалық образдар жүйесі арқылы қоғамдық мәдени жадының тұрақты құрылымына айналдыратын көркемдік механизм ретінде қызмет атқаратынын дәлелдейді. Анықталған заңдылықтар негізінде мемориалдық пластикадағы тарихи тәжірибенің мәдени жадыға трансформациялану үдерісін түсіндіретін авторлық аналитикалық модель ұсынылды.

Ұсынылған модель мемориалдық пластиканы тарихи оқиғаның көркемдік бей-

Кесте 3. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластикада тарихи тәжірибенің мәдени жадыға трансформациялануының авторлық аналитикалық моделі

Кезең	Модель компоненті	Аналитикалық мазмұны
1	Тарихи тәжірибе	Қоғамдық маңызы бар тарихи оқиға немесе тарихи қасірет
2	Көркемдік интерпретация	Тарихи тәжірибенің авторлық көркемдік тұрғыдан қайта пайымдалуы
3	Визуалды символ	Тарихи мағынаның пластикалық форма, образ және символ арқылы көрініс табуы
4	Мемориалдық кеңістік	Көркемдік образдың қоғамдық кеңістікте материалдық және кеңістіктік тұрғыдан орнығуы
5	Мәдени жады	Тарихи тәжірибенің қоғамдық санада символдық түрде сақталуы және жаңғыртылуы
6	Ұлттық бірегейлік	Ортақ тарихи тәжірибе мен мәдени сабақтастық негізінде ұлттық өзіндік сананың нығаюы

несі ретінде ғана емес, тарихи тәжірибені көркемдік интерпретация мен визуалды символизация арқылы қоғамдық мәдени жадыға трансформациялайтын көпдеңгейлі жүйе ретінде түсіндіреді (кесте 3). Модель компоненттерінің сабақтастығы мемориалдық кеңістіктің тарихи тәжірибені қоғамдық санада орнықтыру және ұлттық бірегейліктің символдық негіздерін қалыптастыру үдерісіндегі қызметін айқындайды.

Модельдің авторлық ерекшелігі мәдени жады теориясын қайталауда емес, оның мемориалдық пластикада жүзеге асу тетіктерін өнертанулық деңгейде нақтылауында. Зерттелген нысандарда бұл тетіктер құлпытас пен балбал пішіндерінің қайта интерпретациясы, ана мен бала образының семантикалық тұрақтылығы және тік бағыттағы композициялық құрылым арқылы көрінеді. Сондықтан модель тарихи тәжірибе — көркемдік интерпретация — пластикалық шешім — визуалды символика — мемориалдық кеңістік — мәдени жады — ұлттық бірегейлік байланысын біртұтас аналитикалық құрылымға біріктіреді.

Негізгі тұжырымдар

Жүргізілген өнертанулық талдау Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластикада тарихи тәжірибені көркемдік репрезентациялаудың екі негізгі бағытын анықтады. Бірінші бағыт тәуелсіздік пен ұлттық мемлекеттілік идеясын тарихи сабақтастық, вертикаль композиция және ұлттық рәміздер арқылы бейнелеумен сипатталады. Екінші бағыт ашаршылық, саяси қуғын-сүргін және ядролық сынақтармен байланысты тарихи қасіретті ана мен бала образы, құлпытас пен балбалға жақын пластикалық формалар, қарама-қарсы түстік қатынастар және эмоционалдық-экспрессивті шешімдер арқылы мәдени жады кеңістігіне енгізеді.

Зерттелген мемориалдарда тарихи оқиға тікелей баяндаудың нысаны ретінде ғана емес, пластикалық жинақтау мен символизация арқылы қайта интерпретацияланатыны анықталды. «Тәуелсіздік монументі» мен «Тәуелсіздік таңы» мемориалында ұлттық мемлекеттілік идеясы вертикаль доминанта, монументалды масштаб және символдық образдар жүйесі арқылы көрінсе, «Өлімнен де күшті», «Қасірет керегесі» және «Ашаршылық құрбандарына» арналған мемориалдарда тарихи қасірет адам тағдырымен сабақтастырылып, ана, бала, балбал және мемориалдық-культтік формалар арқылы эмоционалдық мазмұнға ие болады.

Салыстырмалы талдау тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластикада дәстүрлі мәдени кодтардың замануи монументалды-пластикалық тілмен қайта интерпретацияланатынын көр-

сетті. Нәтижесінде мемориал қоғамдық кеңістіктегі тарихи оқиғаның белгісі ғана емес, өткен тәжірибені көркемдік образға айналдырып, оны қоғамдық санада орнықтыратын мәдени жадының визуалды-пластикалық тасымалдаушысы ретінде қызмет етеді. Осы заңдылықтар негізінде ұсынылған авторлық аналитикалық модель тарихи тәжірибе, көркемдік интерпретация, визуалды символ, мемориалдық кеңістік, мәдени жады және ұлттық бірегейлік арасындағы өзара байланысты жүйелейді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластиканың тарихи тәжірибені көркемдік тұрғыдан қайта пайымдау және оны қоғамдық мәдени жады кеңістігіне енгізу үдерісіндегі маңызын айқындады. Зерттелген мемориалдық нысандарды өнертанулық және салыстырмалы талдау олардың тарихи оқиғаны бейнелеумен ғана шектелмей, өткеннің қоғамдық мәнін пластикалық форма, символдық образ және кеңістіктік құрылым арқылы қайта интерпретациялайтынын көрсетті.

Тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластиканың көркемдік ерекшелігі ұлттық мәдени кодтар мен заманауи монументалды-пластикалық тәсілдердің өзара сабақтастығынан көрінеді. Дәстүрлі мемориалдық және архетиптік формалардың жаңа көркемдік контексте қайта интерпретациялануы тарихи тәжірибені қазіргі қоғамдық санамен байланыстыратын визуалды-коммуникативтік кеңістік қалыптастырады. Осы тұрғыдан мемориалдық нысан тарихи оқиғаның материалдық белгісі ғана емес, қоғамдық еске алу тәжірибесін ұйымдастыратын және мәдени жадының сабақтастығын қамтамасыз ететін көркемдік құрылым ретінде танылады.

Зерттеудің ғылыми нәтижелерін жүйелеу негізінде ұсынылған авторлық аналитикалық модель тарихи тәжірибенің көркемдік интерпретация, визуалды символ және мемориалдық кеңістік арқылы мәдени жадыға трансформациялану логикасын анықтауға мүмкіндік берді. Модель мемориалдық пластиканың көркемдік құрылымы мен қоғамдық-мнемоникалық қызметінің өзара байланысын жүйелеп, тарихи тәжірибе мен ұлттық бірегейлік арасындағы көркемдік механизмді түсіндірудің аналитикалық негізін ұсынады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық пластиканы өнертану, мәдениеттану және мәдени мұра зерттеулері аясында кешенді қарастырудың теориялық-әдіснамалық негізін толықтырады. Ұсынылған тәсіл мемориалдық өнерді мәдени жады мен ұлттық бірегейлік контексінде зерттеудің ғылыми мүмкіндіктерін кеңейтіп, Қазақстан материалдарын халықаралық жады зерттеулері мен мәдени мұра зерттеулері аясында салыстырмалы талдауға негіз қалыптастырады. Зерттеудің келешектегі бағыты тәуелсіздік кезеңіндегі мемориалдық нысандардың қоғамдық қабылдануын, қалалық кеңістікпен өзара әрекетін және олардың мәдени жадыдағы мағыналарының уақыт өте өзгеруін пәнаралық әдістер негізінде зерделеумен байланысты.

Авторлардың үлесі:

Серкебай Нұрхан – зерттеу тұжырымдамасын анықтау, міндеттер шеңберін анықтау және зерттеу әдістемесін әзірлеу, мақаланың мазмұндық сапасын жетілдіру және қорытынды тұжырымдарын нақтылау.

Асылбекова Айман – мәтіннің теориялық бөлігін қалыптастыру, зерттеу тақырыбын нақтылау, ғылыми деректерді жинау, әдебиеттер мен материалды талдау және жүйелеу, зерттеудің практикалық бөлігін орындау.

Вклад авторов:

Серкебай Нұрхан – определение концепции исследования, выявление круга задач и разработка методологии исследования, совершенствование содержательного качества статьи и уточнение итоговых выводов.

Асылбекова Айман – формирование теоретической части текста, уточнение темы исследования, сбор научных данных, анализ литературы, Анализ и систематизация материала, исполнение практической части исследования.

Authors' contributions:

Nurkhan Serkebay – conceptualization of the study; definition of the research objectives; development of the research methodology; substantive revision of the manuscript; and refinement of the final conclusions.

Aiman Assylbekova – development of the theoretical framework; refinement of the research focus; collection of research data; review of the relevant literature; analysis and systematization of the material; and implementation of the practical component of the study.

Дереккөздер тізімі

Абдилдаев, Талғат және Мәлік Мұқанов. «Монументальная скульптура Казахстана в системе креативной индустрии: эстетика, экономика и социальные эффекты». Central Asian *Journal of Art Studies*, т. 11, № 1, 2026, с. 228–247. DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1140.

Ассман, Алейда. *Cultural Memory and Western Civilization: Functions, Media, Archives.* Cambridge University Press, 2011.

Ассман, Ян. *Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination.* Cambridge University Press, 2011. DOI: 10.1017/CBO9780511996306.

Ахметова, Эльмира Рысбекқызы. «Современная монументальная скульптура Казахстана». *Проблемы развития отечественного искусства*, вып. 32, 2015, с. 308–324.

Байсынов, Санат және Нұрбақыт Бөкебаев. «Модернизация скульптурного искусства Казахстана: формы и концепции». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 2, 2025, с. 293–317. DOI: 10.47940/cajas.v10i2.988.

Ерғалиева, Райхан Әбдешқызы. *Этническое и эпическое в искусстве Казахстана.* Алматы, Жібек жолы, 2011.

Gürler, Ebru Erbaş, and Başak Özer. "The Effects of Public Memorials on Social Memory and Urban Identity." *Procedia – Social and Behavioral Sciences,* vol. 82, 2013, pp. 858–863. DOI: 10.1016/j.sbspro.2013.06.361.

Halbwachs, Maurice. *On Collective Memory.* University of Chicago Press, 1992.

Kundakbayeva, Zhanat, and Didar Kassymova. "Remembering and Forgetting: The State Policy of Memorializing Stalin's Repression in Post-Soviet Kazakhstan." *Nationalities Papers,* vol. 44, no. 4, 2016, pp. 611–627. DOI: 10.1080/00905992.2016.1158157.

Lowenthal, David. *The Past Is a Foreign Country – Revisited*. Cambridge University Press, 2015.

Nora, Pierre. "Between Memory and History: Les Lieux de Mémoire." *Representations*, no. 26, 1989, pp. 7–24. DOI: 10.2307/2928520.

Sharipova, Dilyara S. "Heritage Painting in the Painting of Kazakhstan: Cultural Memory and Meanings of History." *Keruen*, vol. 72, no. 3, 2021. DOI: 10.53871/2078-8134.2021.3-02.

Sharipova, Dilyara S., and Zhazira A. Aksakalova. "Modernization of the Historical Theme in the Painting of Modern Kazakhstan." *Keruen*, vol. 76, no. 3, 2022, pp. 241–248. DOI: 10.53871/2078-8134.2022.3-21.

Sharipova, Dilyara S., et al. "Revisiting the Kazakh Famine at the Beginning of the 1930s in Fine Art Forms from the Perspective of Cultural Memory." *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities,* vol. 12, no. 1, 2020. DOI: 10.21659/rupkatha.v12n1.09.

Smith, Anthony D. *Ethno-symbolism and Nationalism: A Cultural Approach*. Routledge, 2009.

Smith, Laurajane. *Uses of Heritage*. Routledge, 2006.

Foxall, Andrew. "A Contested Landscape: Monuments, Public Memory, and Post-Soviet Identity in Stavropol', Russia." *Communist and Post-Communist Studies,* vol. 46, no. 1, 2013, pp. 167– 178. DOI: 10.1016/j.postcomstud.2012.12.012.

References

Abdildayev, Talgat and Malik Mukanov. "Monumental'naya skul'ptura Kazakhstana v sisteme kreativnoi industrii: estetika, ekonomika i sotsial'nye effekty" ["Monumental Sculpture of Kazakhstan in the Creative Industry System: Aesthetics, Economics and Social Effects"]. *Central Asian Journal of Art Studies,* vol. 11, no. 1, 2026, pp. 228–247. DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1140. (In Russian).

Akhmetova, Elmira Rysbekovna. "Sovremennaya monumental'naya skul'ptura Kazakhstana" ["Contemporary Monumental Sculpture of Kazakhstan"]. *Problemy razvitiya otechestvennogo iskusstva [Problems of the Development of National Art]*, iss. 32, 2015, pp. 308–324. (In Russian).

Assmann, Aleida. *Cultural Memory and Western Civilization: Functions, Media, Archives*. Cambridge University Press, 2011.

Assmann, Jan. *Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination*. Cambridge University Press, 2011. DOI: 10.1017/CBO9780511996306.

Baisynov, Sanat and Nurbakyt Bokebayev. "Modernizatsiya skul'pturnogo iskusstva Kazakhstana: formy i kontseptsii" ["Modernization of the Sculptural Art of Kazakhstan: Forms and Concepts"]. *Central Asian Journal of Art Studies,* vol. 10, no. 2, 2025, pp. 293–317. DOI: 10.47940/cajas.v10i2.988. (In Russian).

Foxall, Andrew. "A Contested Landscape: Monuments, Public Memory, and Post-Soviet Identity in Stavropol', Russia." *Communist and Post-Communist Studies,* vol. 46, no. 1, 2013, pp. 167–178. DOI: 10.1016/j.postcomstud.2012.12.012.

Gürler, Ebru Erbaş, and Başak Özer. "The Effects of Public Memorials on Social Memory and Urban Identity." *Procedia – Social and Behavioral Sciences,* vol. 82, 2013, pp. 858–863. DOI: 10.1016/j.sbspro.2013.06.361.

Halbwachs, Maurice. *On Collective Memory*. University of Chicago Press, 1992.

Kundakbayeva, Zhanat, and Didar Kassymova. "Remembering and Forgetting: The State Policy of Memorializing Stalin's Repression in Post-Soviet Kazakhstan." *Nationalities Papers*, vol. 44, no. 4, 2016, pp. 611–627. DOI: 10.1080/00905992.2016.1158157.

Lowenthal, David. *The Past Is a Foreign Country – Revisited*. Cambridge University Press, 2015.

Nora, Pierre. "Between Memory and History: Les Lieux de Mémoire." *Representations*, no. 26, 1989, pp. 7–24. DOI: 10.2307/2928520.

Sharipova, Dilyara S. "Heritage Painting in the Painting of Kazakhstan: Cultural Memory and Meanings of History." *Keruen*, vol. 72, no. 3, 2021. DOI: 10.53871/2078-8134.2021.3-02.

Sharipova, Dilyara S., and Zhazira A. Aksakalova. "Modernization of the Historical Theme in the Painting of Modern Kazakhstan." *Keruen*, vol. 76, no. 3, 2022, pp. 241–248. DOI: 10.53871/2078-8134.2022.3-21.

Sharipova, Dilyara S., et al. "Revisiting the Kazakh Famine at the Beginning of the 1930s in Fine Art Forms from the Perspective of Cultural Memory." *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities,* vol. 12, no. 1, 2020. DOI: 10.21659/rupkatha.v12n1.09.

Smith, Anthony D. *Ethno-symbolism and Nationalism: A Cultural Approach*. Routledge, 2009.

Smith, Laurajane. *Uses of Heritage*. Routledge, 2006.

Yergaliyeva, Raikhan Abdeshevna. *Etnicheskoe i epicheskoe v iskusstve Kazakhstana [The Ethnic and the Epic in the Art of Kazakhstan]*. Almaty, Zhibek Zholy, 2011. (In Russian).

Серкебай Нурхан, Асылбекова Айман
Қазахский национальный университет искусств имени Күләш Байсейітовой (Астана, Қазахстан)

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КУЛЬТУРНОЙ ПАМЯТИ В СОВРЕМЕННОЙ МЕМОРИАЛЬНОЙ ПЛАСТИКЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация. После обретения Казахстаном независимости мемориальная пластика стала одним из важнейших художественных средств актуализации национального исторического сознания и формирования культурной идентичности. Несмотря на это, художественные механизмы формирования культурной памяти средствами мемориального искусства на материале Казахстана до настоящего времени не получили комплексного научного осмысления. *Целью* настоящей статьи является анализ мемориальной пластики периода независимости Казахстана как формы художественной репрезентации культурной памяти. Материалом исследования послужили монумент «Монумент Независимости» (Алматы), мемориальные произведения «Рассвет Независимости» Марата Айнекова, «Сильнее смерти» Шота-Амана Валиханова, «Стена скорби» Орала Алибаева, а также мемориальный комплекс «Жертвам голода» Марата Абилькасимова. Исследование основано на теориях культурной памяти, мемориального пространства и национальной идентичности. В работе использованы методы case study, визуального, иконологического, сравнительного и интерпретационного анализа. *Результаты* исследования показывают, что мемориальная пластика не ограничивается репрезентацией исторических событий, а выступает культурным механизмом трансформации коллективного исторического опыта в систему художественных символов. Кроме того, предложена авторская аналитическая модель, раскрывающая взаимосвязь между историческим опытом, художественной интерпретацией, пластическим решением, визуальной символикой, мемориальным пространством, культурной памятью и национальной идентичностью. Научная новизна исследования заключается в комплексном искусствоведческом анализе мемориальной пластики Казахстана периода независимости на основе теории культурной памяти, а также в обосновании ее научно-методологического значения в контексте международных исследований культурной памяти и культурного наследия.

Ключевые слова: мемориальная пластика, культурная память, национальная идентичность, мемориальное пространство, исторический опыт, художественная репрезентация, монументальная скульптура.

Для цитирования: Серкебай, Нұрхан, и Айман Асылбекова. Художественная репрезентация культурной памяти в современной мемориальной пластике Казахстана. *Central Asian Journal of Art Studies*. Vol. 11, No. 3, 2026. pp. 260–279. DOI: 10.47940/cajas.v11i3.1245

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Nurkhan Serkebay, Aiman Assylbekova.
Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

ARTISTIC REPRESENTATION OF CULTURAL MEMORY IN CONTEMPORARY MEMORIAL SCULPTURE IN KAZAKHSTAN

Abstract. Since Kazakhstan gained independence, memorial sculpture has become an important artistic medium for reconstructing historical consciousness and shaping cultural identity. Despite its growing significance, the artistic mechanisms through which memorial art constructs and represents cultural memory have not yet been examined systematically in the context of Kazakhstan. *The goal* of study is to analyze memorial sculpture created during the period of independence as a form of artistic representation of cultural memory. The corpus comprises the Independence Monument in Almaty, Marat Ainekov's Dawn of Independence, Shota-Aman Ualikhanov's Stronger than Death, Oral Alibayev's Wall of Sorrow, and Marat Abilqasimov's Memorial to the Victims of the Famine. The study draws on theories of cultural memory, memorial space, and national identity and employs a qualitative case-study design combining visual, iconological, comparative, and interpretative analysis. *The findings* show that memorial sculpture functions not merely as a representation of historical events but as a cultural mechanism through which collective historical experience is transformed into artistic and symbolic form. The study also proposes an analytical model that explains the relationship among historical experience, artistic interpretation, sculptural form, visual symbolism, memorial space, cultural memory, and national identity. Its principal contribution lies in offering a comprehensive art-historical interpretation of memorial sculpture in independent Kazakhstan through the lens of cultural memory and in situating this material within broader international scholarship on memory and heritage studies.

Keywords: memorial sculpture, cultural memory, national identity, memorial space, historical experience, artistic representation, monumental sculpture.

Cite: Serkebay, Nurkhan, and Aiman Assylbekova. "Artistic Representation of Cultural Memory in Contemporary Memorial Sculpture in Kazakhstan." *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 11, No. 3, 2026, pp. 260–279, 10.47940/cajas.v11i3.1245

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare that they have no conflicts of interest.

Авторлар туралы мәлімет:

Серкебай Нұрхан – өнертану ғылымдарының магистрі, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің 2-курс докторанты
(Астана, Қазақстан)

Сведения об авторах:

Серкебай Нұрхан – магистр искусствоведческих наук, докторант 2-го курса Казахского национального университета искусств имени Күләш Байсейитовой
(Астана, Казахстан).

ORCID ID: 0009-0004-2806-4062
E-mail: serkebay.nurkhan@mail.ru

Information about the authors:

Nurkhan Serkebay – Master of Arts, second-year doctoral student, Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts
(Astana, Kazakhstan).

Асылбекова Айман –
өнертану кандидаты, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Өнертану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент)
(Астана, Қазақстан)

Асылбекова Айман –
кандидат искусствоведения, ассоциированный профессор (доцент) кафедры «Искусствоведение» Казахского национального университета искусств имени Күләш Байсейитовой
(Астана, Казахстан).

ORCID: 0009-0007-8597-3053
E-mail: asylbekova.aiman68@gmail.com

Aiman Assylbekova – Candidate of Art History, Associate Professor (Docent), Department of Art Studies, Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts
(Astana, Kazakhstan).